

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
МУГАЛЖАРСКОГО РАЙОНА
АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

030701, Қандыағаш қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 16
факс: 8(71333)3-53-72

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

030701, город Кандыағаш,
пр. Тәуелсіздік, 16
факс: 8(71333)3-53-72

2020 жылғы "14" 01

№ 11

от " " 2020 год

«Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын қайта бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексінің 45, 46 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйегіндегі №1202 «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгілік жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгілік жарғысын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Мұғалжар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) жанынан толық күндік шағын орталық 2020 жылдың 01 наурыздан бастап ашылсын.

2. «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

3. «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Крупская атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп жанындағы толық күндік шағын орталығының штаттық кестесі №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Мұғалжар аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Ғ.Асқаров) қажетті қаржы қарастыру жүктелсін.



ҚАУЛЫ

Handwritten signature

5. «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты білім беру ұйымының құрылтай құжаттарын бір ай мерзім ішінде Әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуден өткізу және осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Г.Нурсултанова) жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Б.Құлмағамбетовке жүктелсін.



А.Шериязданов



КОПИЯ ДҰРЫС

Handwritten signature